

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР КОНКУРСЫНЫҢ ІІ КЕЗЕҢІН ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

«Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми конкурстарың өткізу ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 688 және 2011 жылындағы 29 қарашаның №502 бұйрығына сәйкес республикалық ғылыми жобалар конкурсының ІІ кезеңінің және қалалық іріктеу кезеңін өткізу ережесі дайындалды.

I. Жалпы ережелер

1. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсы (әрі қарай–Конкурс) жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы негізінде өткізіледі.

2. Конкурстың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

-оқушылардың ғылыми – зерттеу және оқу – танымдық жұмыстарын ынталандыру;

- ойлау қабілетін дамыту;

- ең талантты және дарынды жас зерттеушілерді іріктеу және оларға қолдау көрсету;

- Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету.

3. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми конкурстары 4 бағыттан, 18 секциядан тұрады:

I Бағыты «Ғылыми – техникалық прогресс-экономикалық өсудің негізгі буыны».

Секциялар:

Физика

Техника

Жер және Космос туралы ғылымдар

ІІ Бағыты:«Экономикалық және әлеуметтік процестерді математикалық модельдеу»

Секциялар:

Математика

Қолданбалы математика

Информатика

Экономика

ІІІ Бағыты: «Таза табиғи орта – Қазақстан – 2030 стратегиясын іске асырудың негізі»

Секциялар:

Химия

Биология

Қоршаған ортаны және адам денсаулығын қорғау

IV Бағыты: «Қазақстанның тарихи ескерткіштері және болашақ дамуы бар саяхат маршруттары»

Секциялар:

Тарих

Құқықтану

Өлкетану

Этномәдениеттану

Тілтану/Языкознание

Әдебиет/Литература

Ағылшын.

4. Ғылыми конкурс төрт кезеңнен тұрады:

1) бірінші кезең - мектепішілік

2) екінші кезең – қалалық (Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының мектептері мен республикалық мектептер жарыстары мәртебесі жағынан облыстық жарыстармен теңестіріледі) екі турда өтеді: іріктеу және финал – жұмыстарды қорғау .

3) үшінші кезең – республикалық іріктеу кезеңі екі турда өтеді:

бірінші тур – бейінді пән бойынша тестілеу(Он-лайн);

екінші тур – жобаны алдын – ала сараптау;

4) төртінші (финал) кезең – республикалық.

5. Ғылыми жобалар конкурсының бірінші кезеңін өткізу мерзімі НұрСұлтан қаласы Білім басқармасының бұйрығымен бекітіледі. Жарыстардың екінші – төртінші кезеңдері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген мерзімде өткізіледі.

II. Конкурса қатысушылар

1. Ғылыми конкурстарының бірінші кезеңіне оқушылардың ғылыми қоғамдарының немесе ғылыми жетекшілерінің ұсынуымен 8 – 11 сынып оқушылары қатыса алады. Командалық жобаны екі оқушы ғана орындай алады.

2. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми конкурстарының екінші кезеңіне бірінші кезең жүлдегерлері қатысады, олар жетекшісі мен ғалымдардың пікірлерін, қоса тапсырылатын құжаттарын (сұраныс, I кезеңнің хаттамасы, мектепішілік ғылыми конкурстарының қорытындысы бойынша есебі, ғылыми зерттеу журналы) және ғылыми жұмыстарын (жобалары) ұсынады. Ғылыми жобалардың тақырыптары жыл сайын **5 қыркүйектен** кешікпей тапсырылуы тиіс. Тіркеуге міндетті түрде көрсетілген нұсқа бойынша білім беру мекемесі директорының қолы мен мөрі қойылған сұраныс (қосымша 1), сонымен бірге мектепішілік I кезеңінің есебі және ОҒҚ туралы есеп (қосымша 2) Excel электронды кесте, ағылшынша (қосымша 3) қағаз түрінде тапсырылуы керек.

3. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми конкурстарына қатысатын оқушылардың, олардың жетекшілерінің аты – жөндері сұраныста құжат бойынша (туу туралы куәлігімен, төл құжаты) жазылуы керек.

4. II кезеңнің алдында іріктеу кезеңі өткізіледі:

1. бейіндік пәндер бойынша тестілеу (қосымша 3)

2. жобаны алдын – ала сараптау (жазған жұмыстарына).

III. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми конкурсының сараптау комиссиясы

1. Әр секцияның сараптау комиссиясының құрамына ғылымның осы саласы бойынша кемінде үш ғалым (маман) кіреді.

2. Іріктеу кезеңінің комиссиясы бағалау өлшемдері мен талаптарына сәйкес ғылыми жобаларды тексеріп, әрбір жобаға өз пікірін жазып, II кезеңге қатысатын оқушылардың тізімін анықтайды.

IV. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми конкурсының іріктеу және II кезеңін өткізу туралы

1. Іріктеу кезеңінің I туры – **? қазан күндері** аралығында ғылыми жоба жұмысын жазған оқушылардың арасында бейіндік пәндерден тестілеу өткізіледі. Тест 60 сұрақтан тұрады (60 балл). Оны орындауға 90 минут беріледі. **Тестілеуден 50% -дан жоғары бал жинамаған оқушы келесі турға жіберілмейді.** Командалық жобалар үшін өту балы - жоба авторлары жинаған орташа балдың арифметикалық саны болып табылады.

Екінші тур – жобаларды алдын-ала сараптау, **? қараша күндері** аралығында өткізіледі. Ғылыми жоба жұмыстары **? қазан күндері** аралығында алдын - ала сараптама жасауға тапсырылуы керек. Алдын – ала сараптау кезеңін қорытындысы бойынша, II кезеңнің қатысушылары анықталады. II кезеңге қатысушылардың тізімі Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының бұйрығы бойынша бекітіледі. Іріктеу кезеңінің қорытындыларынан кейін апелляция өткізілмейді. **Сараптамадан өтпеген жұмыстар қайтарылады.** Сараптамадан және тестілеуден өтпеген оқушылар II кезеңге қатыса алмайды.

2. Екінші кезең – жобаны қорғау. Жобаны қорғау барысында авторға баяндама үшін 5 минут беріледі, ал біріккен авторларға 7 минут беріледі. Егер техникалық құралдар (компьютер, интерактивті тақта т.б.) қажет болған жағдайда жыл сайын 1 желтоқсанға дейін мектептерден сұраныс тапсырылуы тиіс.

V. Жарыстарға ұсынылатын ғылыми жобалар мен оларды рәсімдеуге қойылатын талаптар

I. Ғылыми конкурстарға тапсырылатын ғылыми жобаларға қойылатын талаптар:

1) ғылымның осы саласындағы бұрын танылмаған жекелеген қырларын, фактілерді, құбылыстарды және жаңалықтарды ашатын материалдар болу керек;

2) практикалық құндылығы зор, мектеп эксперименттерін жетілдіруге, өндірістік процестердің тиімділігін арттыруға ықпал ететін аппараттар, модельдер мен құралдар конструкцияларын ұсынатын жұмыстар;

3) әлеуметтік – экономикалық проблемаларды шешуге бағытталған компьютерлік модельдер және экономикалық – құқықтық негізі бар жобалар;

4) кәмелетке толмағандар үшін рұқсат етілмейтін аппаратура

пайдаланған жағдайда, жануарларға қатігездік көрсетілетін, адам денсаулығы

және жануарлар үшін зиян келтіретін заттарды (улы, радиоактивтік, канцорегендік және мутагендік әсері бар зерттелмеген биологиялық белсенді қосылыстар, адам және жануарлар үшін патогенді заттар немесе микроағзалар, вирустар, ішімдік, никотин) пайдалануға байланысты эксперименттері бар жұмыстар жіберілмейді;

5 бұрын қаралған және қорғалған жобалар ғылыми жарыстарының келесі кезеңіне қатысуға жіберілмейді.

II. Ғылыми жобаларды рәсімдеуге қойылатын талаптар:

1) жоба мәтіні компьютерде басылуы керек (14 шрифт) және мынандай құрылымнан тұрады:

- титул парағы (Қосымша 3);
- мазмұны;
- қазақ немесе орыс тілдерінде абстракт (жобаның қай тілде дайындалғанына байланысты), сондай – ақ ағылшын тілінде жазылады;
- кіріспе;
- зерттеу бөлімі;
- қорытынды;
- пайдаланған әдебиеттер тізімі.

2) **титул** парағында мыналар көрсетіледі:

- жұмыс орындалған ұйымның толық атауы, қаласы, мектебі;
- автордың (біріккен автордың) тегі, аты, сыныбы;
- жұмыстың атауы;
- жұмыстың дайындалған бағыты, секциясы;
- жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты;
- қаласы (жарыстың өтетін жері), жылы;

абстракт (аннотация), (250 сөзден артық емес) жобаның қысқаша мазмұнын, мыналарды қоса алғанда, білдіреді:

- зерттеудің мақсатын;
- гипотезасын;
- кезеңдерін, зерттеудің рәсімін;
- эксперименттің әдістемесін;
- зерттеудің жаңалығын және дербестік дәрежесін;
- жұмыстың нәтижесін және қорытындысын;
- нәтижелерін, практикалық қолдану салаларын.

Кіріспеде (екі беттен артық емес) мыналар келтіріледі: зерттеу тақырыбының өзектілігі, жұмыстың мақсаты (міндеті), алға қойылған міндеттерді шешу әдітері қысқаша көрсетіледі.

Жұмыстың зерттеу бөлімі (20 беттен артық емес) жеке бөлімдерден (параграфтардан) тұруы мүмкін және мына құрылымда:

таңдап алынған жұмыстың практикалық құндылығына көз жеткізу мақсатында (міндетін) таңдалған тақырып бойынша нәтижелерге аналитикалық сараптама жасау;

- алға қойылған міндеттерді шешудің әдістерін сипаттау;
- жұмыстың нәтижесін талқылау;
- безендірілген материал (сызбалар, кестелер, фотосуреттер және

суреттер т.б.);

пайдаланған әдебиетке сілтемені төртбұрышты жақшада беру керек, мысалы [2]. Мәтінде кездесетін сілтемелерге орай жүйелі нөмірленуі қажет; **қорытынды** (бір беттен артық емес) негізгі жұмыстың нәтижелері (1 – 5) және олардың негізінде жасалған қорытындылары мен (1 - 2) ұсыныстарды қамтиды;

- жұмыс соңында жалпы тізіммен **пайдаланған әдебиеттер** мынандай тәртіпте беріледі:

- автордың тегі және қысқартылған аты – жөні;

- мақаланың және журналдың аты (журналдық мақалалар үшін);

- журналдың, кітаптың аты;

- басып шығарылған орны және баспа (кітаптар үшін);

- басылған жылы, шығу нөмірі, беті.

- әрбір жұмыста таңдалған тақырыптың өзектілігі, автордың жұмысқа сіңірген жеке еңбегі, жұмыстың кемшіліктері және нәтижелерін әрі қарай пайдалану жөніндегі ұсыныстар, жетекшінің пікірі қоса берілуі керек;

- ғылыми конкурстардың екінші кезеңіне (баяндамаға) **180X80 (см)** көлемдегі стендке орналастыратындай етіп демонстрациялық материалдарды өз қалаулары бойынша жасау ұсынылады.

3. Стендті рәсімдеуге қойылатын талаптар:

стендтің жоғарғы жағына көлденеңінен абстракты, қатысушының тегін, жасын, мектебінің, қаласының атауын орналастыру қажет;

стендтегі материал жұмыстың мазмұнын айқындайтын талғаммен ресімделген, нөмірленген кестелер, фотосуреттер, суреттер, диаграммалар, қорытындылар болуы тиіс;

мазмұнын дайындау кезінде назарды жоба авторының алған нәтижелерін көрсетуге аудару керек.

Ғылыми жоба нәтижелерінің нақтылығы мен мүлтіксіздігіне, диплом жұмыстарынан, магистрлық және кандидаттық диссертациялардан, ғылыми ұжымдардың есептерінен көшірілген нәтижелер еместігіне жауапкершілік ғылыми жетекшілеріне жүктеледі. Оқушы жаңа білім мен өз бетінше зерттеу қызмет дағдыларын ала отырып өз қолынан келетін жұмысты орындау керек.

VI. Жеңімпаздарды марапаттау

Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының бұйрығы негізінде I, II, III дәрежелі дипломдар және грамоталармен марапатталады. II кезеңнің жеңімпаздары мен жүлдегерлері Республикалық III кезеңге қатысуға мүмкіндік алады.

Қосымша 3
Тестілеуді өткізу үшін бейіндік пәндердің тізімі

№	Секциялар	Бейіндік пәндер
1	Физика	Физика
2	Техника	Физика
3	Жер және Космос туралы ғылымдар	Физика
4	Математика	Математика
5	Қолданбалы математика	Математика
6	Информатика	Математика, информатика
7	Экономика	Математика, география
8	Биология	Биология
9	Химия	Химия
10	Адам денсаулығы және қоршаған ортаны қорғау	Биология
11	Тарих	Дүниежүзі тарихы және Қазақстан тарихы
12	Құқық	Дүниежүзі тарихы және құқықтану
13	Өлкетану	География және Қазақстан тарихы
14	Этномәдениеттану	Қазақ әдебиеті, дүниежүзі тарихы және Қазақстан тарихы
15	Әдебиет	Қазақ әдебиеті және орысәдебиеті
16	Тілтану	Қазақ тілі немесе орыс тілі, ағылшын